

Ақтөбе ауылдық округі Қызыл әскер ауылындағы көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Ақтөбе ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 маусымдағы N 74 Шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 шілдеде N 14-11-132 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Ақтөбе ауылдық округі Қызыл әскер ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ** **ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе ауылдық округі Қызыл әскер ауылындағы атауы жоқ көшеге «Жас талап» атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі:

Н.Абдраймов